

Инвестициялық мақсат

iX US Real Estate Exchange Traded Notes – бұл арнайы мақсаттағы компания MSCI US Investable Market Real Estate 25/50 Index индексі өсімін қайталау мақсатында шығарған биржалық облигациялар.

Индекс динамикасын қайталау Vanguard Real Estate ETF (NYSE:“VNQ”) акцияларына иелік ету арқылы жүзеге асырылады. Эмитент иелік ете алатын жалғыз актив – арнайы мақсаттағы компания – бұл Vanguard Real Estate ETF акциялары және аз мөлшердегі қаражат. Арнайы мақсаттағы компания – эмитент шығарған жалғыз міндеттеме – осы биржалық облигациялар. Сәйкесінше, актив (Vanguard Real Estate ETF) құнының кез келген өзгерісі биржалық облигациялар құнының автоматты түрде өзгеруіне алып келеді.

Бағалы қағаздың түрі	Exchange Traded Note – биржалық облигация
Бағалы қағаздың класы	Борыштық бағалы қағаздар
ISIN	KZX000001169
Листинг	Astana International Exchange (AIX)
Базалық валюта	USD
Репликация түрі	Физикалық
Купон / Дивидендтер	Реинвестиция
Жалпы шығыстардың коэффициенті	1%
Юрисдикция	АХҚО
Кастодиан	Jusan Bank JSC
Аудитор	IAC Russel Bedford A+ Partners LLP

Негізгі артықшылықтар

- MSCI US Investable Market Real Estate 25/50 Index динамикасына инвестициялау мүмкіндігі;
- Бір биржалық облигацияның минималды құны;
- Базалық валюта – АҚШ доллары;
- Облигациялар иелері – қазақстандық резиденттер үшін салықтық жеңілдіктер.

Негізгі ақпарат		7 қараша 2022 жыл	
Шығарылым мөлшері, USD	44,027.38	Шығарылған биржалық облигациялардың саны	35,000
Бір биржалық облигацияның таза құны, USD	1.26		

Инвестициялық мақсат

Vanguard Real Estate ETF (NYSE:“VNQ”) туралы ақпарат

Vanguard Real Estate ETF (NYSE:“VNQ”) – бұл инвесторларға өтімділігі жоғары, жылжымайтын мүлік нарығындағы қордың табыстылығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін АҚШ-тағы ETF. VNQ биржалық қорының 160-тан астам компанияларда үлесі бар, олар бүкіл әлем бойынша жылжымайтын мүлікке иелік етеді: АҚШ, Канада, Еуропа және Азия.

Активтер класы	Акциялар
Листинг	NYSE Arca
Базалық валюта	USD
Жалпы шығыстардың коэффициенті	0,12%
Инвестициялық консультант	The Vanguard Group, Inc.

- Vanguard VNQ ETF 2022 жылдың 07 қарашасындағы таза активтері - USD 61,9B
- 2022 жылдың 07 қарашасында Vanguard VNQ ETF барлық акциялары - 167M

Vanguard Real Estate ETF туралы толығырақ ақпарат - <https://investor.vanguard.com/investment-products/etfs/profile/vnq>

Жауапкершілік шектеу

Бұл материалдар бағалы қағаздар сатып алу немесе сату ұсынысы ретінде қарастырылмауы тиіс. Бағалы қағаздарға инвестициялау туралы шешім қабылдаған кезде инвесторлар мен бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары өздерінің ой-пікірлері мен тәжірибелеріне сенулері тиіс. Осы құжатта берілген материалдар тек ақпараттық сипатта ғана және шынайы ретінде қабылданатын жария дереккөздерден алынған ақпаратқа негізделген. Осы құжатта сипатталған бағалы қағаздар барлық юрисдикцияларда немесе инвесторлардың белгілі бір санаттарына сатуға жатпауы мүмкін. Инвестициялардың құны азаюы да, сол сияқты артуы да мүмкін және инвесторлар бастапқы инвестициялаған сомаларын ақыр соңында жоғалтулары да мүмкін. Бұрындағы инвестициялық құралдардың бағалары мен инвестициялардың табыстылық көрсеткіштері келешектегі инвестициялардың нәтижелерін бағалау үшін бағдар бола алмайды. Шетелдік валюта бағамының өзгерістері де инвестициялар құнының азаюын немесе артуын тудыруы мүмкін. Инвестициялардың құнына немесе инвестициялардан алынатын табысқа әсер ететін басқа факторларға, өзгеден басқа, саяси, экономикалық, кредиттік және нарықтық тәуекелдер кіреді. Инвестициялау туралы шешім қабылдардың алдында инвестициялық консультация берушімен кеңесу қажет. Осы құжатта берілген ақпаратты компанияның жазбаша рұқсатынсыз кез келген мақсат үшін толық немесе жартылай көшіруге, қайта таратуға және жариялауға болмайды. Компания да, оның қандай да бір үлестес тұлғасы да үшінші тараптардың бұған қатысты әрекеттері үшін жауап бермейді. Қосымша ақпарат пен сүйемелдеу құжаттамасы сұраныс бойынша ұсынылады.